

Бекітемін:
Мектеп директоры

Сулейменова А.Т.



« 02 » 09 2020 ж

Келісемін:
Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары:
Сулейменова М.А.

« 02 » 09 2020 ж

ӘБ отырысында каралды
ӘБ жетекшісі
Хаттама № _____

Төлеген Ж.

« 02 » 09 2020 ж

«Уголки негізгі мектебі» КММ жанындағы «Балбөбек» шағын орталығы
2020-2021 оқу жылына арналған ортаңғы топтың циклограммасы

Облыс: Ақмола облысы
Аудан: Зеренді ауданы
Тәрбиеші: Негметова Г.О

2020-2021 оқу жылы

ЦИКЛОГРАММА
І І-апта (30.08.2020-04.09.2020 ж.)
Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыпша: Менің балабақшам

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.08.2020ж	Сейсенбі 01.09.2020ж	Сәрсенбі 02.09.2020ж	Бейсенбі 03.09.2020ж	Жұма 04.09.2020ж
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Менің балабақшам туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	Үстел- үсті ойыны: «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру» Мақсаты:Балалар ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Құрылыс ойындары: Мақсаты:«Балабақша» құрастырып ойнау, тату ойнауға үйрету.	«Менің балабақшам» Мақсаты:Фото сурет құрастыру. Фото суретте бейнеленген гүлдерді және балабақша маңында өсіп тұрған гүлдерді табу.	Саусақ ойыны: Мақсаты:Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш.	Кеңістіктер д\о: «Кеңістік» балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.
Таңертеңгі дене шынықтыру	Таңертеңгі жаттығулар кешені №1 Құралсыз 5-6 мин Мақсаты:Балалардың дене дамуын шынықтыру.				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	Ойын- жаттығу Домала, доп, домала (екі қолынды айналдыру) Балшыққа тек жолама(Сұқ саусақпен ескерту) Жек көремін оныңды (Сұқ саусақпен оң және сол жаққа серпілту) Бүлдіресін қолынды (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру) Секіріп өт ордан да,(екі қолынды жұдырықтап кезек кезекбірінің үсінен бірін секірту) Секіріп өт жолдан да, (екі қолынды жұдырықтап кезек кезекбірінің үстінен бірін секірту) Қуса күшік жетпесін (баяу жүгіру) Машина басып кетпесін (машинаның рөлін айналдыру) Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау-мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу Бата:Батам, батам бағбасын Батам жерде жатпасын Осы отырған біздерді Бір құдайым сақтасын аумин				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Балаларға татулық туралы әңгімелен беру. Мақсаты: «Татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру.	Топтың ішіне саяхат жасау . Мақсаты: Балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен	Балабақша туралы айту Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелеу арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін	Ойыншықтың орнын табу Мақсаты: Ойыншықтың орнын таба білуге үйрету	Достарымызғы сыйлық жасау Мақсаты: Достарына арнап өз қалауынша сыйлық жасау.

		таныстыру, ондағы жиһаз атауларын атауға, үйрету.	дамыту		
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	<u>Жаратылыстану.</u> Тақырыбы: Міне, осындай алтын күз! Мақсаты: Күзгі табиғаттың әсемдігін байқай білуді дамыту, ауа райын, ауладағы ересектердің еңбегіне бақылау жасау. <u>Мүсіндеу.</u> Тақырыбы: Доп. Мақсаты: Доп туралы жалпы түсініктерін кеңейту, ермексизден жұмыр пішінді ойыншық доп жасауға үйрету; қол қимылдарының үйлесімділігін, домалақ пішіндерді жасауды дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. <u>Музыка.</u> Тақырыбы: «Бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.	<u>Сөйлеуді дамыту.</u> Тақырыбы: «Топпен танысу». Мақсаты: Балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстыру, ондағы жиһаз атауларын атауға, олардың қызметін сипаттап беруге үйрету. <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Нарғызға қонаққа барамыз. Мақсаты: Менгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекіту; шағын топпен тұру; педагогтің соңынан жүру; жүгіру. <u>«Ойыншықтар әлеміне саяхат»</u> Тақырыбы: Менің ойыншықтарым Мақсаты: Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету.	<u>Математика негіздері.</u> Тақырыбы: «Біреу, көп, бір-бірден, Бірде-біреуі жоқ» Мақсаты: Таныс заттарды көлеміне (үлкен-кішкентай) және санына қарай (бір-көп) салыстыра білуді қалыптастыру. <u>Музыка.</u> Тақырыбы: 1. «Бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету	<u>Сурет салу.</u> Тақырыбы: Сиқырлы жіптер Мақсаты: Қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету. <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Нарғызға қонаққа барамыз. Мақсаты: Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру.	<u>Құрастыру</u> Тақырыбы: «Жаяу жүргіншілерге, машинелерге арналған кең және тар жолдар» Мақсаты: балаларға «Жаяу жүргіншілерге, машинелерге арналған кең және тар жолдар» меңгерту. <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Сылдыр-сылдырмақ. Мақсаты: Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге-аяқ алшақ) үйрету.
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				

Серуен	<p>№1.Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатынын дағы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, откініші жаңбыр, носер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Қимылдық ойын: «Сүр қоян».</p>	<p>№2.Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін : шарпы, будақ, қабатты бұлиларды ажырату. Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Қимылдық ойын: «Соқыр теке».</p>	<p>№3.Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырнарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырнардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, еттілікке баулу</p>	<p>№4.Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Қимылдық ойын: «Орамал тастау».</p>	<p>№5.Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты»</p>
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шақфақ киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынууды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.	<p>Үстел үсті ойыны: «Менің балабақшам» Мақсаты: үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,</p>	<p>Балалармен жеке жұмыс : «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау- бақша Құлпыра қалды тау жақта Қара бұлтты жел қуып</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру,</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: сөйлеуді дамытудан «Менің балабақшам» өлеңінде «н» дыбысын дұрыс</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: құрастырудан балабақша</p>

	картиналар құрастыру.	Жөкеп берді аулаққа	қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	айтуға жаттықтыру.	ғимаратын берілген үлгі бойынша дұрыс құрастыруды үйрету.
«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым-қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу.	«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу	«Жаңа оқу жылының негізгі бағыттары» ата-аналармен кеңестер жүргізу	«Менің балабақшам, менің мақтанышым» тақырыбында ата-аналарға көрме ұйымдастыру	«Менің балабақшам, менің мақтанышым» тақырыбында ата-аналарға көрме ұйымдастыру

Оқу ісінің меңгерушісі: Сулей Сулейменова М.А.

ЦИКЛОГРАММА
II-апта (07.09.2020-11.09.2020 ж.)
Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыпша: Менің достарым

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.09.2020ж	Сейсенбі 08.09.2020ж	Сәрсенбі 09.09.2020ж	Бейсенбі 10.09.2020ж	Жұма 11.09.2020ж
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата-аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. Танертенгі дене шынықтыру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Менің достарым туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	Сергіту сәті Олең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады. Достар бірге жүреміз, (қол ұстасып, айнала жүру) Бірге ойнаймыз, күлеміз. (бір-біріне қарап, күлу) Бірге балық аулаймыз, (қолдарын алға созу) Міне, біздер қандаймыз! (қолдарын жоғары созу) Бөлінбейді іргеміз, Әрқашанда біргеміз.	Тіл ұстарту жаттығуы Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау.	ТҮЛКІШЕК (қызықтама) Түлкі, түлкі, түлкішек,- Түнде қайда барасың? - Апам үйіне барамын, - Апаң саған не берер? - Ешкі сауып сүт берер, - Оны қайда қоясың? - Жалпақ тасқа қоямын. - Ит ішіп кетсе қайтесің? - Бақан ала қуамын. - Былғанып қалса қайтесің? - Ағын суға жуамын. - Ағып кетсе қайтесің? - Қайықпенен қуамын. - Жеткізбесе қайтесің? - Жылай, жылай қаламын	Дидактикалық ойын: «Үй құстары – менің достарым» Мақсаты: Жасырын тұрған суреттерді тауып, ағылшынша аттарын айтады. Тауық- a hen Қаз- a goose Үйрек- a duck Күркетауық- a turkey	Кеңістіктер д/о: «Жоғарыда-төменде» мақсаты: жоғары- төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту. Дид-қ ойын: «Менің айтуым бойынша». Мақсаты: Суреттеп айтқан баланы табу қажет
	Танертенгі жаттығулар кешені №2. Құралмен 5-6 мин Мақсаты: Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	Ойын- жаттығу Добым, добым домалақ (екі қолынды айналдыру) Тоқтамайсын домалап (тезірек екі қолды айналдыру) Үстел үстін бүлдірдің (көлымен үстел үстін көрсету) Тәрелкені сындырдың (екі қол алақанымен тарелкені жасау, екі жаққа жылдам шашу) Тентек болып кеттің деп (Сұқ саусақпен ескерту) Тұрмын сені тепкім кеп (екі қол белде, оң аяқпен тебу) Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу. Бата: Асқа адалды Басқа амандық Денге саулық Берсін аумин				

Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Сергіту сәті Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады. Достар бірге жүреміз, (қол ұстасып, айнала жүру) Бірге ойнаймыз, күлеміз. (бір-біріне қарап, күлу) Бірге балық аулаймыз, (қолдарын алға созу) Міне, біздер қандаймыз! (қолдарын жоғары созу) Белінбейді іргеміз, Өркешанда біргеміз	Тіл ұстарту жаттығуы Өс-өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Музыка әуенін тындап, музыка сай жаттығу жасау.	Дид-к ойын: «Мен айтамын, досым жасайды» Мақсаты: балалардың ептілігін, аңғарымпаздығын жетілдіру.	«Менің достарым» Мақсаты: Дара мен оның достары туралы ағылшын тілінде мағлұматтар беру.	Дид-к ойын: «Сәлемдесу» Балалар екі - үш жүгітпін бір - біріне қарап, әр түрлі елдің адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді.
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	<u>Жаратылыстану.</u> Тақырыбы: Бақшадағы көкөністер Мақсаты: Балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Балалар әдебиетін қызығушылығын арттыру. <u>Жапсыру</u> Тақырыбы: «Алаша» Мақсаты: Шығармашылық жұмыста саусақ қызметін дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу. <u>Музыка.</u> Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар» Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту	<u>Сөйлеуді дамыту.</u> Тақырыбы: «Шар мен текшені салыстыру». Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндер - шар, текше сөздерін естеріне сақтауға, олардың ерекшеліктерін (мысалы: шар домалақ, домалайды; текше төртбұрышты, орнынан қозғалтуға болады, бірінің үстіге бірін қоюға болады) ажыратуға үйрету <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Сылдыр-сылдыр сылдырмақ. Мақсаты: Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; саптан шықпай, бағытты сақтай жүру; аяқты тізеден сәл бүгіп, секіріп, аяқты алшақ, бірге ұстау дағдыларын бекіту «Ойыншықтар әлеміне саяхат» Тақырыбы: Менің	<u>Математика негіздері.</u> Тақырыбы: « Таңертең. Біреу-көп» Мақсаты: таңертең. (таң)- тәулік бөлігімен таныстыру. Осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану; таныс эттарды көлеіне қарай (үлкен -кіші) және санына қарай (бір -көп) салыстыруды үйрету <u>Музыка.</u> Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар» Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту	<u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Жолдағы іздер» Мақсаты: «Жолдағы іздер» салуға биімдеу және үйрету. <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Тауық пен балапандар. Мақсаты: Балалардың үй құстары және олардың пайдасы туралы ой - өрісін кеңейту.	<u>Құрастыру</u> Тақырыбы: «Торсық» Мақсаты: Аларды жаяу жүргіншілерге арналған тар және кен жолдарды құрылыс материалдарынан құрастыру, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Тауық пен балапандар. Мақсаты: Саптізбекте өзінің орнын таба білуге үйрету. Саптізбектен шығып кетпей бір бағытты сақтай отырып, саптізбекте жүре білуді бекіту

		ойыншықтарым Мақсаты: Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету.			
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	<p>№6 Бақылау: Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты: Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету.</p>	<p>№7 Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p>	<p>№8 Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту</p>	<p>№9 Бақылау: Алтын күзді бақылау. Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Еңбек: «Таза алаң» Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр». Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.</p>	<p>№10 Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Қимылдық ойын: «Итеріспек»</p>

Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету; балалардың назарын тағамға аудару; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.	Үстел үсті театры: Мақсаты: «Менің достарым тақырыбы бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Жеке баламен жұмыс: Сөйлеуді дамытудан Джаффар, Данил Мақсаты: тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын жаттығуы: «Дұрыс, бұрыс» Мақсаты: Тәрбиеші сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	Музыкалық -ырғақтық жаттығулар. Інкар, Асылым музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	Ой шақыру. ДОС — деген сөзді естігенде ойларына қандай сөздер келеді. Қане балалар ассоциация жасайық. ДОС → Адал, мейірімді, шыншыл, қайырымды, көмектеседі, ұқыпты, жанашыр, қамқор
«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу.	Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Балалардың балабақшаға ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру.	Ата-аналармен әңгімелесу. Ба лаларының жақсы қасиеттерін айту.	Балалардың таңертең кешікпей келулерін ата аналарға ескерту.

Оқу ісінің меңгерушісі: Сейт Сулейменова М.А.

ЦИКЛОГРАММА
III-апта (14.09.2020-18.09.2020 ж.)
Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Тақырыпша: Менің сүйікті ойыншықтарым

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.09.2020ж	Сейсенбі 15.09.2020ж	Сәрсенбі 16.09.2020ж	Бейсенбі 17.09.2020ж	Жұма 18.09.2020ж
<p>«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусак т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру</p>	<p>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Менің сүйікті ойыншықтарым туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</p>				
	<p>«Бал-бала» ойыншықтарын танып-біледі. Мақсаты: Ол айтты, билейтін ойыншықтар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, баланың интеллектісін дамытады. Сан санап үйретеді.</p>	<p>Дидактикалық ойын : « Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қай ойыншық тығулы тұр?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын : « Сикырлы қорапша» Мақсаты: Ойыншықтарды қарау және зерттеу, ажыратып олардың түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру. Қазақ және орыс ұлттарының ұлттық ойыншықтар мәдениетіне баулу. Ойыншықтарға деген қамқорлық қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеу, оларды сақтау тәржімдерімен таныстыруды жалғастыру.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстыру.</p>
	<p>Таңертеңгі жаттығулар кешені №3 Күралсыз 5-6 мин Мақсаты: Балалардың дене дамуын шынықтыру.</p>				
<p>Гигиеналық шаралар Таңғы ас</p>	<p>Ойын- жаттығу Той болғанда ауылда, (екі қолды екі жаққа жайды) Биші шықты ортаға. (бишінің қимыл қозғалыстарын жасау) Не киіпті басына? (басын екі қолымен көрсету) Та-ки-я Не киіпті үстіне? Көй-лек Ал көйлектің үстінен... Қам-зол Аяғына не киген? Мә-сі Мұн бұралған тамаша</p>				

	<p>Сол бишіні кім көрді? Мен!!!</p> <p>Тамақ іну мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сәкіпну Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу Бата: «Астарыңыз дәмді болсын» Асып-асып-асыңа Береке берсін басыңа Алла бізді қолдасын Еш жамандық болмасын</p>				
<p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p>Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар</p>				
	<p>Ойыншықтар Ойыншықтар қандай әдемі, Қызыл, сары, көгір, көк. Түрлі-түрлі түстері, Көз тартады өздері. Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймаймын, Достарыммен ойнаймын</p>	<p>Дидактикалық ойын «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.</p>	<p>Ойыншығым Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын.</p>	<p>Санамақ Бақшаға жақсы аға, Көп-көп ойыншық әкелді. Бір балық, бір аю, бір үйрек. Бір түлкі, бір бүркіт. Шатасып қалма бірақта, Бақшаға жақсы аға, Қанша ойыншық әкелді</p>	<p>Әңгімелесу «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын ойыншықтардың атауларымен байыту.</p>
<p>«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)</p>	<p><u>Жаратылыстану.</u> Тақырыбы: «Жеміс толы себет» Мақсаты: Жемістің бірнеше түрі жайлы түсінігін жүйелендіру; оларды өсіру тәсілдері туралы түсінігін кеңейту. Есте сақтау, зейін қою, ойлау қабілетін дамыту. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру. <u>Музыка.</u> Тақырыбы: 1. «Қуыршақ» 2. «Қуыршақ» Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту.</u> Тақырыбы: «Шар мен текшені салыстыру» Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндер - шар, текше сөздерін естеріне сақтауға, олардың ерекшеліктерін (мысалы: шар домалақ, домалайды; текше төртбұрышты, орнынан қозғалтуға болады, бірінің үстіне бірін қоюға болады) ажыратуға үйрету. <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Күшікке қонаққа барамыз. Мақсаты: Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліп жасай білу дағдыларын</p>	<p><u>Математика негіздері.</u> Тақырыбы: « Күндіз. Біреу-көп» Мақсаты: « Күндіз. Біреу-көп» ұғымын балаларға меңгерту.</p>	<p><u>Сурет салу.</u> Тақырыбы: «Түрлі түсті ленталар» Мақсаты: Сурет оқу іс-әрекеті құрал-жабдығымен танысу. Оларды пайдалану ретін үйрету және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Түрлі-түсті бояуларды пайдалана отырып, түзу сызықтар жүргізе білуге үйрету. Ойынарқылы ұзынқысқа ғымдарынбекіту <u>Орыс тілі.</u> Тақырыбы: Игрушки. Мақсаты: Обобщать и систематизировать представления детей о предметах окружающего мира, об игрушках, их</p>	<p><u>Көркем әдебиет.</u> Тақырыбы: Ойыншықтар туралы түсініктерін Кеңейту. Мақсаты: Балалардың ойыншық туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың сөздік қорын байыту <u>Қоршаған ортамен танысу</u> «Балабақша-біздің екінші үйіміз» Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндер - шар, текше сөздерін естеріне сақтауға,</p>

	қабілетін дамыту	бекіту. Жаттығылар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дұрыс емес қалыптастыру. «Ойыншықтар әлеміне саяхат» Тақырыбы: Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету. Мақсаты: Балаларды ойыншықпен ойнар алдында тату- тәтті, дос болуға дағдыландыру. Ойыншықпен бөлісін ойнауға үйрету. «		свойствах и назначении. <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Күшікке қонаққа барамыз. Мақсаты: Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліп жасай білу дағдыларын бекіту. Жаттығылар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру.	олардың ерекшеліктерін (мысалы: шар домалақ, домалайды; үй жасауға баулу <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Тышқандар Мақсаты: тура бағытта төрттағандап еңбектеуге үйрету. Бір – бірден сап – тізбекке тұру; тоқтап және тапсырманы орындай жүру; музыкаға сәйкес қимыл жасауға жаттықтыру.
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
	№11.Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. Қимылдық ойын:	№12.Бақылау: Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Шымшық доп»	№13.Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Қимылдық ойын: «Қаздар мен бақташы».	№14.Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы	№15.Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге дөсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлы

	«Үрпек төбет»			балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.	ққа баулу. Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.	Ойыншықтар» Қадыр Мырза Әли Асыққанда, сасқанда Түсіп қалған дорбандай, Екі аяғы аспанда Құлап жатыр қорбаңбай. Ойыншық ит қарап тұр, Жаны жоқ қой – үрмейді. Моторы жоқ трактор Сүйресен де жүрмейді. Көзі қайда қыранның, Мүйізі сынған бұғылар. Жүк көтерген кранның Күші жоқ та, жүгі бар. Үйреншікті ізбенен Келеміз біз сәріде. Ойнағанда бізбенен Жан кіреді бәріне	«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойыныныңМақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру	Психологтың жұмысы: Ментемірмен үнді дыбысты (P) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Жеке баламен жұмыс: Сөйлеуді дамытудан Іңқарді «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Джаффармен- 5ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету
«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас.	Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу.	Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Балалардың балабақшаға ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларының жақсы қасиеттерін айту.	Балалардың таңертең кешікпей келулерін ата аналарға ескерту.

Еркін ойындар.
Балалардың үйге
қайтуы.

--	--	--	--	--	--

Оқу ісінің меңгерушісі: Сул Сулейменова М.А.

ЦИКЛОГРАММА
IV -апта (21.09.2020-25.09.2020 ж.)

Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыпша: Жиһаздар

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.09.2020ж	Сейсенбі 22.09.2020ж	Сәрсенбі 23.09.2020ж	Бейсенбі 24.09.2020ж	Жұма 25.09.2020ж
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусак т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Жиһаздар туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	Дидактикалық ойын: «Жиһаз атауына сөйлем құрау». Мақсаты: түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Қай ойыншық тығулы тұр?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететін, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.	Дидактикалық ойын: «Жиһаздарды құрастыр» Мақсаты: 2-3 бөліктен құрастыруға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қай жиһаз жасырулы тұр» Мақсаты: балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
	Таңертеңгі жаттығулар кешені №4.Құралмен 5-6мин Мақсаты:Қимы- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	Ойын- жаттығу Қатар, қатар тұрайық Кәне, кәне сұрайық Кімнің болсы бойы ұзын Паравозы поездің Пш-пш-пш-пш біз кеттік Жүрісті біз үдеттік Гу-гу-гу гуілде Қалып қойма біріңде. Күннің шыққаны жақсы ма? (күнді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Желдің сокқаны жақсы ма? (желді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Достарыңмен жүрген жақсы ма? (адымдайды) Анаңды құшақтаған жақсы ма? (өздерін құшақтайды) Жақсы! (алақандарын соғады) Туған өлкеде жақсы ма? (құшақтарын жаяды) Жақсы! (алақандарын соғады) Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу Бата: Дәулетінді тастырсын				

	Сәулетінді астырсын Ақсақалың келгенде Ақ дастархан жайылып Адал ас пен бас тұрсын Тіл мен көзден аман боп Түлеп ұшсын жас қыршын				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету: Айгүл бөлмеге кіріп, шырынды ...қойды. (үстел үстіне)	Ойыншығым Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын.	Дидактикалық ойын: «Доппен ойын» Мақсаты: Жиһаз атауларына қарама- қарсы сөздерді айтуға үйрету. Мыс: үлкен орындық- кішкентай орындық; Жұмсақ диван- қатты Мақсаты: Балаларды жиһаздың жасалу жолымен таныстыру.	«Ағаш шебері» өлеңі Бұрқыратып иісін Тактай тілем ағаштан Безендірем үй ішін Жабдықтармен жарасқан Болсын берік, көрікті Пәтерлердің жасауы Соған лайық ең мықты Келер жиһаз жасағым	Дидактикалық ойын: «Жиһаз неден жасалған?» Мақсаты: Жиһаздың жасалу технологиясымен таныстыру. Мыс: шкаф-ағаштан, орындық- пластмассадан....
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	<u>Жаратылыстану.</u> Тақырыбы: «Күзгі гүлдер». Мақсаты: Гүлдердің түрлерімен таныстыру, гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу. <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Тышқандар Мақсаты: тәрбиешінің артынан жүріп өту; айналмалы жолмен жүріп өту; «Допты қуып жет» тапсырмасына жүгіру	<u>Сөйлеуді дамыту</u> «Балалар текшелермен ойнайды». Мақсаты: Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, қоршаған ортаға –үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. <u>Музыка.</u> Тақырыбы: I. «Қуыршақ» Мақсаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту «Ойыншықтар әлеміне	<u>Математика негіздері.</u> Тақырыбы: «Үлкен- кіші. Танертен» Мақсаты: таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен - кіші) және санына қарай (бір - көп) салыстыруды үйрету; қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу	<u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Сандықты әшекейлеу» Мақсаты: Сандық туралы, сандықтың шығу тарихы жайлы біледі. <u>Орыс тілі.</u> Тақырыбы: Мебель Мақсаты: Расширять представления детей о мебели, о необходимости предметов мебели для человека. Расширять знания о названиях комнат в доме, их назначении.	<u>Көркем әдебиет.</u> Тақырыбы: Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту Мақсаты: Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. <u>Қоршаған ортамен танысу.</u> Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары,

		саяхат» Тақырыбы: Балабақшада ойыншықпен қалай ойнау керек? Мақсаты: Балаларды ойыншықпен ойнар алдында тату- тәтті, дос болуға дағдыландыру. Ойыншықпен бөлісіп ойнауға үйрету.		<u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Көжектер Мақсаты: Тәрбиешінің артынан жүріп өту; айналмалы жолмен жүріп өту; «Донты қуып жет» тапсырмасына жүгіру	олардың жақсылығы мен қайырымдылығы, мәдениеті мен сынайылыққа қатысты сөздерді қолдануға үйрету <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Көжектер Мақсаты: Балалар шеңбер бойымен тәрбиешінің артынан жүріп өтеді. Ақырын, қатты жүреді. Және де аяқтың ұшымен жүруге үйренеді. «Шар үрейік» жаттығуын орындайды.	
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық. Серуен	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық тугызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.	№16.Бақылау: Кемпіркөсақты бақылау Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпіркөсақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.	№17.Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек: Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	№17.Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек: Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету	№18.Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек:Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал». Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа ,	№19.Бақылау: Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Қимылдық ойын:

			.Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету.	«Жүгіріп өтуге үлгер». Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралары. Бесін ас.	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет.	Мазмұнды- рөлді ойын: «Жиһаздар» Мақсаты: Жиһаз туралы білімдерін жетілдіру. Рөлге бөліп ойнауға тәрбиелеу		«Жұмбақтар» Мақсаты: Жиһазда туралы жұмбақтарды шешуге дағдыландыру.	Үстел үсті ойыны: «Жиһаздарды орналастыр» Мақсаты: үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, картиналар құрастыру.	«Жиһаз» тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: Жиһаз туралы әңгіме айтып беруге үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.	Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: Ойыншықтармен ойнау барысында балалар салыстыруды үйренеді. Заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын белгілейді.	Сюжеттік - рөлдік ойын: «Дүкен» Мақсаты: Балаларға дүкендегі ойыншықтар туралы түсінік беру, үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту.	«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойынының Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру.	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Адия мен Каусар сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Психологтың жұмысы: Іңкәр өзін ортада қалай ұстау жөнінде жұмыс жүргізу.
«Қош бол,	Ата-аналармен	Ата-аналарға	Балалар отбасында	«Денсаулық дегенімізді	Балалардың

балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу	кеңес:«Баланы күзде қалай киіндіру керек?»	өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	қалай түсінесіз?» тақырыбында ата- аналармен әңгімелесу	тазалығы туралы ескертулер.
--	---	---	---	---	--------------------------------

Оқу ісінің меңгерушісі: Сул Сулейменова М.А.

ЦИКЛОГРАММА
I-апта (28.09.2020-02.10.2020 ж.)
Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Тақырыпша: Менің отбасым, ата-аналар еңбегі

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.09.2020ж	Сейсенбі 29.09.2020ж	Сәрсенбі 30.09.2020ж	Бейсенбі 01.10.2020ж	Жұма 02.10.2020ж
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусак т.б.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Менің отбасым, ата-аналар еңбегі туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Таңертеңгі дене шынықтыру	Дидактикалық ойын. «Кім жылдам?» Мақсаты: Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру. Балалардың сөздік қорын байыту.	Отбасы дәстүрлері Отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнату. Жағымды жағдай орнату.	Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау.	Еңбек: Тәрбиешімен бірге жуылған ойыншықтарды ретімен қою. Мақсаты: Еңбекке деген қызығушы-лықтарын арттыру.	Дидактикалық ойын: «Қарада ата» Мақсаты: Заттарға іс-әрекет таңдау.
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	Таңертеңгі жаттығулар кешені №1 Құралсыз 5-6мин Мақсаты: Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Ойын- жаттығу Шенберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап күлкімізді сыйлайық! Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындаршенберге. Қандай жақсы біртұру, Достарменен біржүру! Қандай жақсы дос болу! Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу. Бата: Асың, асың асыңа Береке берсін басыңа Бөденедей жорғалап Қырғауылдай қорғалап Қыдыр келсін қасыңа!				
	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру	Сөздік ойын «Өзімнің үйім» Мақсаты: балалардың өзі	Әр балаға ата-анасын сыйлауға, татулыққа, қамқорлық жасауға	«Мен анамның еркесі» Мақсаты: Балаларды анасының	Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу